

# **Хіаомі МАF02**

## **аэрофритюрница**



## Мазмұны

Сақтық шаралары	3
Құрылғы схемасы	4
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	4
Дайындау бойынша нұсқаулық	5
Күтім жасау бойынша ұсыныстар	8
Тазалау және техникалық қызмет көрсету	8
Тазалау кезіндегі сақтық шаралары	9
Ақаулықтарды жою	9
Электр тізбегі схемасы	10
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	10
Қосымша ақпарат	11

Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз — ол сізге болашақта қажет болуы мүмкін.

Mi Smart Air Fryer аэрофритюрничасын (3,5 л) таңдағаныңыз үшін рахмет. Бұл аспап тек үйде тұрмыстық пайдалануға арналған.


Ескертпе. Пайдаланушы нұсқаулығындағы бұйымның, жиынтықтауыштардың және пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек ақпараттық мақсатта ұсынылған. Аспаптың нақты сипаттамалары және оның функциялары өнімнің жақсаруына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Аэрофритюрница - ыстық ауа ағындарының көмегімен тағам дайындауға арналған портативті құрылғы.

## Сақтық шаралары

- Құрылғыны қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталуы бар электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны су көздеріне тікелей жақын қоймаңыз.
- Құрылғы мен қуат баусымын су ағынының астына қоймаңыз және оны толығымен суға батырмаңыз.
- Құрылғыны қыздырғыш элементтердің, газ плиталарының, электр пештерінің және т.б. жанына орнатпаңыз.
- Құрылғыны балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдарға пайдалануға болмайды, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты басқа адамдар оларға бақылау жасаған жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға жол бермеңіз.
- Құрылғыны қолданған кезде абай болыңыз: бетінің кейбір бөліктері жоғары температураға дейін қызады, бұл күйікке әкелуі мүмкін.
- Тұтқыштарды қолданыңыз, құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде реттегіштерге ғана қол тигізіңіз, гриль қақпағын тек арнайы тұтқасынан ұстап ашыңыз.
- Күюге қарсы жабынға зақым келтірмеу үшін құрылғыны қолдану кезінде металл немесе үшкір ас үй аспаптарын пайдаланбаңыз. Тек ағаш немесе пластик қалақтарды, ас үй қысқыштарын және т.б. қолданыңыз.
- Құрылғының бүлінуіне және өрттің пайда болу қаупіне жол бермеу үшін дайындалған асты жұқалтырға, тағамдық үлдірге немесе полиэтилен пакеттерге салмаңыз.
- Тағамды құрылғының бетінде суытуға қалдырмаңыз, өнімдерді дайын болған кезде алып тастап отырыңыз.
- Құрылғыны пайдалану кезінде ешқашан көмір немесе жанғыш отынды айдаланбаңыз.
- Жұмыс кезінде құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Бұл құрылғыда бағдарламалық модуль, сыртқы таймер немесе қашықтықтан басқару пульті арқылы басқарылу қарастырылмаған.
- Пайдаланғаннан кейін және тазалау кезінде әрқашан құрылғыны өшіріңіз. Тазалау немесе ұзақ уақыт сақтау алдында құрылғының олығымен суығанына көз жеткізіңіз.
- Ыстық сұйықтық, май және т.б. толтырылған құрылғыны жылжитқан кезде абай болыңыз. Күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Жұмыс кезінде құрылғыны ешқашан жылжитпаңыз немесе көтермеңіз.
- Бұл құрылғы тек тұрмыста қолдануға арналған. Құрылғыны тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
- Қуат баусымының үстелдің шетіне бүгілуіне немесе ыстық беттерге жанасуына жол бермеңіз. Тек түпнұсқалық аксессуарларды пайдаланыңыз.
- Құрылғыны өткір заттардың, абразивті қосылыстардың және оны зақымдауы мүмкін басқа заттардың әсер етуінен қорғаңыз.
- Электр тогы соғуын болдырмау үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз. Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Құрылғыны құлағаннан кейін айдаланбаңыз, сондай-ақ құрылғының немесе қуат баусымының көзге көрінетін зақымданулары болған жағдайда сервистік орталыққа хабарласыңыз.

## Құрылғы схемасы



### Ескертпелер:

- Құрылғыда қолданылатын силикон кемерше қуыруға арналған табаның шеттерімен себеттің жабынын сырмау және табаның тұрақтылығын жақсарту үшін арналған және азық-түлік өнімдеріне жарамды ыстыққа төзімді материалдардан жасалған. Қуыруға арналған табадан силикон кемершені алып тастамаңыз.
- Тым ұсақ ингредиенттер грильге жарамайды. Ингредиенттер гриль саңылауларына түспейтініне көз жеткізіңіз.

## Реттегіш



1

Таңдауды растау үшін басыңыз.



2

Алдыңғы мәзірге оралу үшін 0,5 секунд басып тұрыңыз.



3

Мәзір пункттеріне өту үшін солға / оңға бұрыңыз.



4

Құрылғыны қосу / өшіру үшін қуат батырмасын басыңыз.

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Құрылғыны қосу үшін қуат баусымын жалғаңыз және қуат батырмасын басыңыз.

Ескертпе: құрылғыны бірінші рет қосу үшін қуат батырмасын басыңыз, "Wi-Fi қосу" деп көрсетіледі, егер сіз оны 30 секунд ішінде пайдаланбасаңыз немесе "Жоқ" деп таңдасаңыз, Wi-Fi өшірулі қалады, ал егер "Иә" деп таңдасаңыз, Wi-Fi индикаторы жыпылықтайды және Wi-Fi қосылады.

### 1. Қосу

Құрылғыны қосу үшін қуат баусымын жалғаңыз және қуат батырмасын басыңыз.

### 2. Өшіру

Құрылғыны ол қандай күйде болмасын өшіру үшін қуат батырмасын басыңыз.



### 3. Үйретуші бейнені көру





1. Wi-Fi сымсыз желісінің баптауларын арылту

"Wi-Fi" экранында болған кезде "Wi-Fi арылту" мәзіріне кіру үшін реттегіштің бастиегін басыңыз, осыдан кейін "Иә" тармағын таңдап, Wi-Fi арылту үшін реттегіштің бастиегін басыңыз немесе "Жоқ" тармағын таңдап, Wi-Fi арылтудан бас тарту үшін реттегіштің бастиегін бұраңыз.

2. Wi-Fi қосу / өшіру:

Wi-Fi экранында болған кезде "Wi-Fi қосу / өшіру" мәзіріне кіру үшін реттегіштің бастиегін басыңыз, осыдан кейін "Иә" тармағын таңдап, Wi-Fi қосу немесе өшіру үшін реттегіштің бастиегін басыңыз немесе "Жоқ" тармағын таңдап, өзгертуден бас тарту үшін реттегіштің бастиегін бұраңыз.

#### Wi-Fi күйінің индикаторы

			
Қосылымды күту...	Ажыратқаннан кейін қайта қосылу...	Сәтті қосылды	Жаңарту...
Wi-Fi индикаторы баяу жыпылықтайды	Wi-Fi индикаторы жылдам жыпылықтайды	Wi-Fi индикаторы үнемі қосұлы	Wi-Fi индикаторы екі рет жыпылықтайды

Ескертпе: Егер аспан Wi-Fi желісіне 30 минут ішінде қосылмаса, Wi-Fi индикаторы сенеді.

### 4. Mi Home/Xiaomi Home қолданбасына қосылу

Өнім Mi Home/Xiaomi Home\* қолданбасымен жұмыс істейді. Құрылғыңызды осы қолданбада басқарыңыз.



- Қолданбаны жүктеу және орнату үшін QR кодын сканерлеңіз. Егер бағдарлама бұрын орнатылған болса, сіз қосылым баптаулары бетіне қайта бағытталасыз. Немесе қолданбаны жүктеу және орнату үшін "Mi Home/Xiaomi Home" сұранысы бойынша App Store дүкенінен іздеңіз.
- Mi Home/Xiaomi Home қолданбасын ашып, жоғарғы оң жақ бұрыштағы "+" батырмасын басып, құрылғыны қосу нұсқауларын орындаңыз.

Ескертпе: Пайдаланушымен өзара байланысты жақсарту үшін құрылғының бағдарламалық жасақтамасы мен Mi Home/Xiaomi Home қолданбасының интерфейсі ара-тұра жаңартылып отырады, сондықтан сіз осы нұсқаулыққа сәйкес келмейтін қандай да бір интерфейсті кездестірсеңіз, нақты аспапқа жүгініңіз.

### Дайындау бойынша нұсқаулық


#### Алдын ала дайындау

Ингредиенттерді дайындау алдында қалауыңыша маринадтауға болады.




## Әзірлеу бағдарламасын іске қосу

1. Аэрофритюрницаны орнықты тегіс бетке орнатып, оның айналасында ауа айналатынына көз жеткізіңіз.



2. Қуыруға арналған табаны себетке салып, ингредиенттерді бір-бірден қосыңыз. Егер ингредиенттер көп, болса оларды грильге екі қабаттап салыңыз.


Ескертпе: ингредиенттерді грильді пайдаланусыз салу дайындау нәтижесіне әсер етеді.




3. Себет аэрофритюрницаға толық салынған кезде, құрылғыны қосу үшін қуат батырмасын басыңыз, ал мәзірден тиісті дайындау бағдарламасын таңдау үшін реттегіштің бастиегін бұраңыз және растау үшін реттегіштің бастиегін басыңыз. Осыдан кейін ингредиенттер мөлшерін таңдау үшін реттегішті басыңыз (жартылай / толық кәстрөл немесе бір / екі қабат) және дайындауды растау және бастау үшін реттегіштің бастиегін басыңыз.

### Ескертпелер:

- Дайындау уақыты мен температурасын дайындау кезінде реттегіштің бастиегін бұру арқылы реттеуге болады.
- Реттегішті бұрағаннан кейін дайындау уақытын немесе температурасын реттеңіз. Растау үшін реттегіштің бастиегін басу керек, әйтпесе, құрылғы бес секундтан кейін бастапқы уақыт пен температурада дайындауды жалғастырады.




4. Кейбір ингредиенттерді дайындау кезінде аударып отыру керек. Аэрофритюрницаның нұсқауларын орындаңыз және ингредиенттерді аудару үшін себетті алыңыз, осыдан кейін себетті толығымен қайтадан аэрофритюрницаға салыңыз және дайындауды жалғастыру үшін реттегіштің бастиегін басыңыз.



5. Аэрофритюрница дыбыстық сигнал шығарады және экранда дайындау бағдарламасының аяқталғанын көрсету үшін "Дайындау аяқталды" хабары пайда болады. Себетті абайлап алыңыз да, қысқышты пайдаланып тағамды алыңыз.

Назар аударыңыз: дайындау аяқталғаннан кейін себет өте ыстық болады, сондықтан күйіп қалмас үшін оны ұстамаңыз.



## Басқа функциялар

### 1. Тіл баптаулары

Құрылғыны қосыңыз, баптауларға өтіп, тілді таңдау экранына кіру үшін реттегішті басыңыз.

Қажетті тілді таңдау үшін реттегішті бұраңыз және таңдауды растау үшін оны басыңыз.



### 2. Қол режимі

Күту режимінде реттегішті бұраңыз және "Қолмен" режимін таңдаңыз. Температураны орнату үшін оны басыңыз және дайындаудың қажетті температурасын реттеу үшін бұраңыз.

Осыдан кейін уақытты орнату үшін реттегішті басыңыз және қажетті дайындау уақытын орнату үшін оны бұраңыз, және жоғарыда аталған бағдарламаны іске қосу үшін басыңыз.

Себетті шығарып, өнімдерді аударыңыз. Егер дайындау уақыты 8 минуттан асса (бәліш пен кептірілген жемістерден басқа), құрылғы сізге өнімдерді аудару немесе шайқау уақытын еске салады. Дисплей экранында "Шайқаңыз" хабары жыпылықтайды және үш рет сигнал естіледі. Себетті алыңыз, өнімдерді аударыңыз немесе шайқаңыз, осыдан кейін себетті толығымен аэрофритюрницаға қайта салыңыз.



### 3. Кейінге қалдырылған дайындау


Күту режимінде реттегішті бұраңыз және "Кесте" бағдарламасын таңдаңыз, реттегішті пайдаланып дайындаудың басталу уақыты мен ұзақтығын орнатыңыз. Белгіленген уақыт өткеннен кейін құрылғы жоспарланған дайындау бағдарламасын аяқтайды.

Ескертпе: мұнда жоспарланған уақыт — жоспарланған аяқталу уақыты. Мысалы, алты сағат дегеніміз дайындау алты сағат ішінде аяқталады және жоспарланған уақыт дайындау уақытынан қысқа болмайды дегенді білдіреді.




## 5. Тоқтата тұру

Дайындау кезінде дайындау бағдарламасын тоқтата тұру үшін реттегішті басыңыз. Үзілістен кейін дайындау бағдарламасын жалғастыру үшін реттегішті басыңыз.



## 6. Орындауды тоқтату

Реттегішті 0,5 секунд бойы басып тұрыңыз, дисплей экраны ағымдағы дайындау бағдарламасы жойылуын растауды көрсетеді, реттегіштің бастиегін бұрап, "иә" немесе "жоқ" жауабын таңдаңыз. Күші жойылғаннан кейін аспап күту режиміне ауысады.



## Күтім бойынша ұсыныстар

- Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ. Құрылғының жұмысында ақаулар орын алған жағдайда сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Егер аэрофритюрница дұрыс жұмыс істемесе, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласудан бұрын, "Ақаулықтарды жою" бөліміне жүгініңіз.
- Егер мәселе шешілмесе, қуат баусымын өшіріп, оны ажыратыңыз және кепілдікті қызмет көрсету орнына хабарласыңыз.

## Тазалау және техникалық қызмет көрсету

Аэрофритюрницаны тазаламас бұрын және қызмет көрсетпес бұрын, қуат баусымын ажыратып, бөлме температурасына дейін суығанша күтіңіз немесе жұмыс жасамас бұрын қауіпсіз температураны орнатыңыз. Аэрофритюрницаның ішін тазалау кезінде себетті алыңыз.

- **Корпустың беті**  
Аэрофритюрницаның бетін құрғақ жұмсақ шүберекпен немесе бейтарап жуғыш затқа малынған губкамен сүртуге болады.
- **Аэрофритюрницаның ішкі беті**  
Аэрофритюрницаның ішкі жағындағы дақтарды кетіру үшін оның бетіне ыстық суға ерітілген жуғыш заттың қажетті мөлшерін жағыңыз және шамамен 10 минутқа қалдырыңыз, осыдан кейін жуғыш заттың қалдығын кетіру үшін суға малынған жұмсақ губканы қолданыңыз.
- **Себет**  
Әр қолданғаннан кейін аэрофритюрницаны тазалаңыз. Аэрофритюрница себетінің жабыны кююге қарсы жабын, сондықтан абразивті заттарды пайдаланбаңыз, өйткені олар бетті зақымдауы мүмкін.
- **Қуыруға арналған таба / Гриль**  
Сүрту үшін жұмсақ мақта матаны немесе бейтарап жуғыш затқа малынған губканы қолдануға болады, осыдан кейін жуғыш заттың қалдықтарын кетіру үшін суға малып сүртіңіз.  
Ескертпе: себетті, қуыруға арналған табаны және грильді бөліп, тазалау үшін ыдыс жуатын машинаға салуға болады, бірақ аэрофритюрницаның өзін суға салып немесе ыдыс жуатын машинада жууға болмайды.



## Тазалау кезіндегі сақтық шаралары

1. Аэрогильді пайдаланғаннан кейін қуат ашасын розеткадан шығарып алыңыз да, аэрогильді от көзінің жанына қоймаңыз, сондай-ақ оны суға батырмаңыз. Ашаның бетінде сызаттар болмас үшін қуат ашасын тікелей аэрогильге қоймаңыз.
2. Аэрогиль суығаннан кейін ғана оны тазалауға және техникалық қызмет көрсетуге болады.
3. Агрессивті немесе абразивті тазалағыш немесе жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.


Ескертпе: аэрогильді үнемі тазалау және техникалық қызмет көрсету оның қызмет ету мерзімін ұзартуға көмектеседі.

## Ақаулықтарды жою

Проблема	Ықтимал себептері	Шешімдер
Аэрогиль жұмыс істемейді.	Аэрогил қуат көзіне қосылмаған.	Құрылғы қуат көзі желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Себет орнына қойылмаған.	Себетті алып, оны орнына қойыңыз.
OLED дисплей E1 көрсетеді.	Датчиктің электр тізбегі үзілген.	Кепілдікті қызмет көрсету орнына хабарласыңыз.
OLED дисплей E2 көрсетеді.	Датчиктің электр тізбегі қысқа тұйықталған.	Кепілдікті қызмет көрсету орнына хабарласыңыз.
Желдеткіш айналмайды.	Желдеткіш қалағы кептеліп қалған.	Кепілдікті қызмет көрсету орнына хабарласыңыз.
	Қозғалтқыш зақымдалған немесе компоненттердің біреуінің электр тізбегі үзілген.	Кепілдікті қызмет көрсету орнына хабарласыңыз.
Ақ түтін шығады.	Майлы ингредиенттерді дайындау.	Бұл май мөлшері жоғары өнімдерді қуыру кезіндегі қалыпты жағдай.
	Аэрогильде алдыңғы дайындау бағдарламасынан қалған май қалдықтары бар.	Дайындау бағдарламасын орындағаннан кейін аэрогильді міндетті түрде тазалаңыз.
Себетті аэрогильге еркін салу мүмкін емес.	Себеттегі ингредиенттер тым көп.	Себеттегі ингредиенттердің мөлшері максималды белгіден аспауы керек.
	Себет дұрыс орнатылмаған.	Себетті дұрыс орнатыңыз.
Бағдарламаны орнату функциясы дұрыс жұмыс істемейді.	Бағдарламаланған уақыт сақталмайды.	Тым қысқа уақыт орнатылды.
	Бағдарламаланған уақыт сақталмайды.	Бағдарламаланған уақыт сақталады және реттегішті басу арқылы орындалады.
Wi-Fi желісін қосу мүмкін емес.	Mi Home/Xiaomi Home қолданбасы жаңартылғанын тексеріңіз.	Mi Home/Xiaomi Home қолданбасын соңғы нұсқаға жаңартыңыз.
	Wi-Fi сигналы жеткілікті күшті екенін тексеріңіз.	Сигналы жеткілікті күшті орынға ауысыңыз.
Аэрогильді қосу мүмкін емес.	Желінің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.	Wi-Fi қалыпты қосылғанын тексеріңіз немесе қайта қосу үшін Wi-Fi баптауларын арылтыңыз.

## Электр тізбегі схемасы

- |                               |                              |
|-------------------------------|------------------------------|
| 1 LED дисплей                 | 6 Төмен айналымды қозғалтқыш |
| 2 Сақтандырғыш ажыратқыш      | 7 Қыздыру элементі           |
| 3 Басқару панелі              | 8 Қуат көзі тақтасы          |
| 4 Жоғары айналымды қозғалтқыш | 9 Сақтандырғыш               |
| 5 Сақтандырғыш                |                              |



## Техникалық сипаттамалары

Атауы: Аэрофритюрница	Номиналды сыйымдылығы: 3,5 л	Түсі: ақ
Үлгісі: MAFO2	Номиналды жиілігі: 50-60 Гц	Таза салмағы: 3,9 кг
Номиналды қуаты: 1500 Вт	Номиналды кернеуі: 220-240 В	Жалпы салмағы: 5,2 кг
Максималды шығу қуаты: <20 дБм	Қаптама өлшемдері: 370 × 295 × 345 мм	
Жұмыс температурасы: –10 °С-ден 40 °С дейін	Жиіліктердің жұмыс диапазоны: 2412-2472 МГц	
Сымсыз байланыс: Wi-Fi IEEE 802.11 b/g/n, 2,4 ГГц		

Қалыпты пайдалану жағдайында осы жабдықтың антеннасы мен пайдаланушының денесі арасында кемінде 20 см қашықтық сақтауы керек.

## Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнатуды немесе үнемі бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы орамада өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы керек. Үй-жайларда жемірілуді туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.



## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Кэрлайн Электрик Эпплайенс Ко. Лтд.

№ 558, Вэйэр тас жолы, Аньдун өнеркәсіптік аймағы, Аньдун, Цыси, Нинбо қаласы, Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- 020/2011 КО ТР «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- 004/2011 КО ТР «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

TM: Mi.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

## Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне және бұйымның материалдары мен құрастырмасында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан жабдық элементтерін уәкілетті сервистік орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Тауардың дайындалған күні қаптамада көрсетілген.

